

## **Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтын ұйымдастыру мәселелері**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 26 мамыр 1994 ж. N 564

Заң кадрларын даярлауды жетілдіру мақсатында, "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 14 наурыздағы N 1591 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Алматы мемлекеттік университетінің заң факультеті және ішінара Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің заң факультеті негізінде Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институты ашылсын.

Институтқа мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына, сот және құқыққорғау органдарына, шаруашылық жүргізуші субъектілерге заңгерлер даярлау және тиісті заң кадрларының біліктілігін көтеру жүктелсін.

1994/1995 оқу жылында институттың бірінші курсына 260 адам мөлшерінде студенттер қабылдау белгіленсін. Оқу нысаны күндізгі, оқыту мерзімі - 4 жыл.

2. <\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.08.11.

N 1246 қаулысымен. P971246\_

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі 1994 жылдан бастап, Қарағанды мемлекеттік университетін қоспағанда, республиканың барлық мемлекеттік жоғары оқу орындарының заң факультеттері мен бөлімдеріне студенттер қабылдауды тоқтатып, қазір оларда оқып жүрген студенттердің оқуын бітіруін қамтамасыз етсін.

4. Қазақ мемлекеттік заң институтының басшылығына республиканың заң факультеттері мен бөлімдерінде екінші және одан кейінгі курстарда оқып жүрген студенттерді заң институтының тиісті курсына ауыстыру тәртібімен қабылдауына рұқсат етілсін.

5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті сырттан оқу нысанында оқып жүрген Алматы мемлекеттік университетінің заң факультетінің студенттерін 1993-1994 оқу жылы аяқталған соң ҚазМУ мен ҚарМУ-дың заң факультеттерінің тиісті курстарына ауыстыруды қамтамасыз ететін болсын.

6. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі 1994 жылғы наурыздың 14-індегі жағдай бойынша Алматы мемлекеттік университетінің таратылған заң факультетінің иелігіне жататын профессор-оқытушы құрамның штатын, оқу-қосалқы және әкімшілік

қызметкерлерін, оқу, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерін, материалдық-техникалық базаны және жатақханалардағы орындарды, сондай-ақ оған бекітілген қаражатты түгел Қазақ мемлекеттік заң институтына беретін болсын.

7. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті Қазақ мемлекеттік заң институтына белгіленген нормативтерге сәйкес, тиісті штаттарды, оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, ұйымдық-есептеу және криминалистік техниканы, өзге де жабдықтар мен мүкәммалды студенттер қабылдауды қысқарту есебінен, сондай-ақ студенттер жатақханасын беретін болсын.

8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен бірлесіп, профессор-оқытушы құрамының, әкімшілік-басқару, қызмет көрсету қызметшілерінің санын, еңбекақы төлеу және стипендия қорын, оқу және кеңсе-шаруашылық шығындарға, жабдықтар, көлік, мүкәммал сатып алуға, сондай-ақ институттың үйі мен жатақханаларын қайта құруға қажетті қаржыны анықтайтын болсын.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.01.11.

№ 53 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақтың 2-абзацы күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.04.02.

№ 465 қаулысымен. P970465\_

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Алматы қаласының әкімі жаңадан құрылған Қазақ мемлекеттік заң институтының қызметкерлеріне 1994-1995 жылдары 4 мың шаршы метр тұрғын алаң бөлінуін көздеп отырсын.

10. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуының 1995-2000 жылдарға арналған жоспарында 1000 орындық студенттер жатақханасын және Қазақ мемлекеттік заң институтының профессор-оқытушы құрамына көлемі 8 мың шаршы метр 80 пәтерлік тұрғын үй салуды, жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге қажетті қаржы бөлуді көздейтін болсын.

Алматы қаласының әкімі оларды салу үшін бос тұрған жер учаскелері, сондай-ақ профессор-оқытушы құрамына жеке тұрғын үйлер мен саяжайлар тұрғызуға жер учаскелері бөлінуін ресімдейтін болсын.

11. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Қазақ мемлекеттік заң институтының өтінімі бойынша оған қажетті телефон нөмірлері мен үкіметтік байланыс нөмірлерін бөлсін.

12. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі екі апта мерзімде Қазақ мемлекеттік заң институтының Жарғысын бекітсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК